

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТБАСЫ-НЕКЕЛІК ӨМІРГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Каирова Б.К., Молдахметова Г.М.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан

Annotation. The paper contains a theoretical and scientific analysis of the psychological-pedagogical ideas of foreign and local psychologists to study the problem. The paper contains a theoretical and scientific analysis of the psychological-pedagogical ideas of foreign and local psychologists to study the problem.

Аннотация. В данной статье рассматриваются психолого-педагогические основы подготовки старшеклассников к брачно-семейным отношениям. В работе содержится научно-теоретический анализ психолого-педагогических идей зарубежных и отечественных психологов по изучаемой проблеме.

Қазіргі таңда қоғамымызда қалыптасқан қиын, тұрақсыз әлеуметтік, экологиялық, идеологиялық жағдай жастардың жеке басының және мінез-құлқының дамуында түрлі ауытқулардың туындауына себеп болып отыр. Соның ішінде жас ұрпақта жиі саналы түрде байқалмайтын наразылық сезімі, жалпы әлеуметтік қызығушылықтың жоғалуынан эгоизмге ұласатын жастар индивидуализациясы кең жайылып келеді. Жастар еліміздегі әлеуметтік, экономикалық және моральды жағдайлардың өзгеруінің салдарынан отбасында қалыптасатын қажетті құндылықтар мен идеалдардан айрылуда. Осыған орай, бүгінгі қоғамымызда жоғары сынып жасындағы балалардың психологиялық дамуына отбасылық тәрбие және отбасылық-некелік өмірге даярлықты қалыптастыруға жататын әлеуметтік факторлар ықпалының проблемасы аса өзекті болып табылады.

Отбасы баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуші ең маңызды әлеуметтік институт болып есептеледі. Отбасының шырқының бұзылуы баланың әлеуметтену үрдісінің бұзылуымен қатар, отбасы-некелік түсінігінің де бұзылуына себеп болады.

Қазіргі өзгермелі, даму үстіндегі қоғамымыздағы ынтымақты және бақытты, берік отбасының негізі жастарға дұрыс тәрбие беруден басталады. Өзара сыйластық пен түсіну, махаббат пен достық, адамилық жоғары ұстаным болмайынша бақытты отбасының болуы мүмкін емес. Осы тұста Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деген Қазақстан халқына жасаған Жолдауында «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз» деген болатын. Бұл ұрпақ тәрбиесі мен адамзаттың үйлесімді тұлға болып өсуінің болашағы отбасы жағдайын жақсартудан басталатынын дәлелдей түседі /1/.

Болашақ ұрпақтың тәрбиелі, мәдениетті де білімді болуы, ең алдымен, ат-анадан, отбасы – ошақ қасынан басталмақ. Дана қазақтың «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген даналық сөзі тегін айтылмаса керек. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, соның ішінде отбасынан, ата-анасынан алған өнеге балаларда тұлғалық қасиеттер мен отбасы, отбасылық қатынастар, отбасылық сыйластық пен үйлесімділіктің қалыптасуына негіз береді.

Жоғары сынып оқушылары жасында балаларды отбасы-некелік өмірге дайындау педагогикалық-психологиялық міндеттердің бірі болып табылады. Көптеген психологиялық зерттеулер отау тіккен жастардың отбасылық өмір, отбасы-некелік қатынастар жайлы ойланбайтындығы анықталған. Соның салдарынан көптеген жастар үйлене сала ажырасып жатады. Жастарды отбасы-некелік өмірге дайындау мәселесі қай кезеңде болмасын өзінің өзектігін жоймайтын феномен.

Қазіргі жоғары сынып оқушылары жасындағы балалар әлеуметтенудің бір қиын кезеңінде өмір сүріп жатыр. Кейбіреулерінің отбасылық шырқы бұзылып, ата-анасы ешқандай болашақ отбасылық өмірге лайық тәжірибе беріп жатқан жоқ. Сонымен бірге айналасындағы көптеген отбасыларындағы әлеуметтік-психологиялық дағдарыстарды теледидардан, күнделікті өмірден жиі кездестіреді. Бала тәрбиесіне жеңіл қарайтын, мойнына өз баласын азамат етіп қалыптастыру жауапкершілігін алмаған ата-аналарды көріп өсуі, отбасындағы дау-жан-

жал, ұрыс-керістерді көріп өскен балалар есейгенде отбасын құрудан бас тартады. Отбасы қатынастары, отбасы үйлесімділігі сияқты құндылықтарды бала отбасынан қалыптастырып, оны болашақта өз отбасына алып келетіні ғылыми дәлелденген. Қазіргі кезде көптеген жоғары сынып оқушылары жасындағы балаларда отбасылық құндылықтары шала қалыптасқан десек қателеспейміз.

Бала психикасының дамуында Л.С. Выготский өзінің мәдени-тарихи концепциясында әлеуметтік ортаның, соның ішінде отбасының мәнін ерекше атап өткен. Ата-ананың отбасындағы үйлесімді қарым-қатынасы баланы үлкен өмірге сенімді қадам басуына негіз болатынын көрсеткен /2/.

А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготскийдің осы идеясын әрі қарай дамыта отырып, психика дамуында ата-анамен өзара біріккен іс-әрекетінің нәтижесінде отбасылық құндылықтарды, нормаларды игере отырып, қоғамдағы құндылықтар мен нормаларды меңгереді деген. Біріккен іс-әрекетте олардың арасында өзара түсіністік, өзара қамқорлық сезімдерімен қатар өмірден өз орындарын тауып, өздерін саналы азамат ретінде өтеуі, болашақ бақытты отбасын құру, жақсы бала тәрбиелеу сияқты түсініктерді қалыптастырады. Отбасылық құндылықтар бала кезден қалыптаспаған күнде бақытты отбасын құру мүмкін емес екенін Дружинин В.Н., Ковалев С.В., Гребенников И.В., Кабакова М.П., Аксакалова Ж.Б., Ақпарова Ж., Молдағалиева А. т.б. өз зерттеулерінде дәлелдеген.

Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына отбасы, отбасылық қатынастар, отбасының психологиялық ахуалы, тәрбиелеу стилінің маңызы зор екенін естен шығармаған жөн. Дүниеге келген баланы бірінші көретін ата-анасы, отбасы, оның әлеуметтік ортасы бала дамуына жан-жақты әсер етеді. Әрбір отбасының мүшесі дара болғандықтан, бір-бірінің дамуына едәуір ықпал жасайды.

Кешегі күнсіз келешек жоқ. Өзімізді өзіміз тануда халқымыздың алуан түрлі дәстүрлерін: психологиялық, педагогикалық, әдептілік, физиологиялық бала тәрбиелеу ерекшеліктерін біліп, меңгеріп отыруымыз қажет. Ш. Айтматов: «Ешбір халық өзінің тарихи тамырларынан ұзап кете алмайды, жақсы болсын, жаман болсын, өзінің тарихымен бірге болады» десе, М. Жұмабаев: «Әрбір тәрбиеші ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиені сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» дейді.

Тәрбиелеу дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Ата-бабаларымыздың отбасылық өмірге балаларды дайындаудағы әдісі – терең философиялық, психологиялық, педагогикалық мәнге ие. Кішкентай кезінен балаларға отбасылық өмірдегі қарым-қатынас, жақындарын, туыстарын сүйе білуге арналған ертегілерімен қоса, ер адамдардың әйелге деген махаббатын суреттейтін жырлар, еліне деген, жеріне деген намыс пен мақтанышты қалыптастыратын батырлар жырын балалардың төл тілдері қазақтың әдемі де, майдай жұмсақ тілмен айтып беріп отырған. Сонымен қатар, әйелі ер адамды, отағасын сыйлаған. Сыйға сый дегендей, сол сыйлығының арқасында әйел адам өзі де ерекше сый құрметке ие болып отырған. Бала отбасылық өмірге арнайы дайындалмаған, әке-шешесінің қарым-қатынасы, сөздері, жүрістері, сыйластығы арқылы отбасылық өмір туралы көзқарасын жүрегінің түбіне алып отырған.

Баланың қоғамға бейімделуі, болашақ отбасылық өмірге даярлығы үшін қажетті дағдыларды, құндылықтарды және әлеуметтік мінез-құлықты дамыту керек. Олардың ең маңыздылары: бала темпераменті, ұлты, таптық жігі, баланың отбасында ұстанатын діні, құрдастарымен қарым-қатынасы, тарихи дәуір және отбасындағы ата-ананың мінез-құлқы мен қарым-қатынасы.

Бала – ата-анасының физиологиялық және психоәлеуметтік көшірмесі. Ол бойындағы барлық нышандарды ата-анасынан тұқым қуалау арқылы алады. Ал дүниеге келіп, отбасындағы өмірлік ортаға түскенде, ең алдымен, бала тұлғасының дамуына оның ата-анамен қарым-қатынасы әсер етеді.

Ата-ана балаларына бірнеше механизмдер көмегімен әсер етеді. Біріншіден, бекіту: ба-

лалардың қылығын мадақтау және жазалау. Ата-ана бала санасына нақты нормалар жүйесін енгізеді, бұл жүйе уақыт өте келе баланың ішкі қажеттілігіне айналады. Екіншіден, сәйкестендіру: ата-анаға ұқсауға ұмтылып, еліктеу. Үшіншіден, түсіну: баланың ішкі әлемін біліп, өмірлік мәселелеріне көңіл бөлу. Орынды араласу арқылы ата-аналар оның өзіндік санасын және коммуникативті сапаларын қалыптастырады.

Отбасындағы орта қандай болса, бала сондай болып өседі. Отбасындағы жайсыз ахуал қандай болсын балаға ауыр тиеді. Әсердің күші мен тереңдігі балалардың жасына, осы кезге дейінгі тәжірибесіне, мінезіне, темпераментіне, тәрбиелілігіне, сезімталдығына тәуелді /3/. Қазіргі уақытта балаларда отбасылық-некелік түсініктерді дұрыс қалыптастырудың, болашақ отбасылық өмірге дайындаудың табысты болуы ата-аналарының тәжірибелеріне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің бір-бірін түсінушілігіне, өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата-аналар күнделікті өмірде балаларының мінез-құлқына, қажетті психологиялық қасиеттердің қалыптасуына назар аударуы, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Көп жылғы жүргізілген бақылау және зерттеу жұмыстардың мәліметтеріне сүйенсек, отбасындағы теріс қылықтар мен қиыншылықтар мектепке келгенде де дағдыға айналады. Әрине, мұндай себептер әртүрлі әсерлерден болады. Атап айтқанда, олар мыналар:

- отбасы мүшелерінің, әсіресе, әке мен ана арасында бірыңғай талаптың, көзқарастың жоқтығы;

- отбасында балаға жеткілікті назар аудармаудың тапшылығы;
- ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушілік;
- отбасында болатын маскүнемдік, ұрыс-керіс, неке бұзушылық;
- әр түрлі жағдайда баланың теріс қылықтағы адамдардың қамқорлығына түсуі.

Отбасында ата-ана мінез-құлқы шешуші факторлардың бірі. А. Макаренко балалар тәрбиесі жайлы «Сіз өз балаларыңыздың тәрбиесін бастамастан бұрын өзіңіздің жеке мінез-құлқыңызды тексеріңіз, ата-аналардың өздеріне талап қойып, өз отбасын қадірлей білуі, өзінің әрбір қадамын қадағалап отыруы – тәрбиенің ең бірінші және ең басты әдісі» дегені бекерден бекер айтыла салған сөз емес.

Әке мен шеше арасындағы келеңсіз іс-әрекеттер де балаға әсер етпей қоймайды. Осыдан бала психологиясында ауытқушылық пайда болады. Бала неврозға ұшырайды. Тіпті болмаса жылап, мінез көрсетуді шығарады. Денсаулығы бұзылады. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін қажетті іс-шараларды қолдану қажет. Бала тәрбиесіндегі теріс әдет-дағдылар ата-ананың қамқорсыздығынан, қадағалаусыздығынан, мейірімсіздігінен туады /4/.

Жоғары сыныптарда отбасылық өмірге даярлық – қалыптасу кезеңінің ең соңында жүзеге асырылады. Отбасылық өмірде бақытын табу үшін жасөспірімдерге қандай тәжірибе беру қажеттігі мәселесі қойылады. Мамандардың пікірінше, бұл «тізімге» жастарды некелік және отбасылық өмір алдында жас ұрпақтың бойында жауапкершілікті арттыру; әке және ана болудың әлеуметтік беделін көтеру; оларға бала күтімі мен гигиенасы, мектепке дейінгі жас балалар психологиясы, балалар психологиясы, сексуалды өмірдің психогигиенасы, ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қатынастардың негізгі проблемалары бойынша қажетті білімдерді беру; антиалкогольді насихаттауларды күшейту, үй шаруашылығын рационалды жүргізу, отбасы бюджетін тиімді және үнемді ұйымдастыру бойынша мәселелерді түсіндіру.

Жоғарыда айтылған міндеттердің барлығы жас ұрпақты отбасы-некелік өмірге дайындау мақсатында шешілуі қажет.

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлауда мыналар аса маңызды:

- Отбасының әлеуметтік маңызын ұғыну.
- Некелік өмірге қажет тәрбие және өзіндік тәрбие.
- Дұрыс отбасы-некелік түсініктерді қалыптастыру.
- Неке және отбасы психологиясы мен социологиясы бойынша белгілі бір білімдер жиынтығын меңгеру /5/.

Жоғары сынып оқушыларында отбасы бейнесі, моделі қалыптаспаса, адамдардың не үшін некеге түсетіндігін, отбасынан нені күтуге болатындығын, қандай отбасылық қатынас-

тарды құруға болатындығын, ерлі-зайыптыларға қандай міндеттердің жүктелетіндігін білмесе болашақ отбасылық қатынастарға дайын деп санауға болмайды.

С.В. Ковалев жоғары сынып жасындағы ұл балалар мен қыз балаларда дұрыс некелік-отбасылық түсініктерді қалыптастыру қажеттігі жайында айтады. Қазіргі уақытта жастарда неке жайлы түсініктер негативті жағынан ерекшеленеді: 13–15 жаста махаббат пен некені ажырату және оларды бір-біріне қарсы қою өріс алып келеді. Жастарда («Сіздің идеалыңыз» атты сұрақтама бойынша алынған деректер) өмірлік серігін таңдау кезінде махаббат «кұрмет», «сенім», «өзара түсіністіктен» кейін төртінші орынға қойылған. Некеде «махаббаты» тықсыру айқын көрінеді. Қыз балалар мен ұл балалар отбасын өз сезімдеріне кедергі деп санайды.

В.А. Сысенко отбасылық өмірге дайындық бойынша іс-әрекеттің негізгі бағыттарын былайша тұжырымдайды:

- адамгершілік (неке құндылығын, балаларды ұғыну т.б.);
- психологиялық (ерлі-зайыптылық өмірге қажет психологиялық білімдер);
- педагогикалық (балаларды тәрбиелеуге дағды мен ептіліктер);
- санитарлы-гигиеналық (неке және тұрмыс) гигиенасы;
- экономикалық және шаруашылық-тұрмыстық /6/.

Жасөспірімдерде отбасылық өмірге дайындықты қалыптастыру проблемаларының көптеген аспектілері ішінде қазіргі қоғамдағы отбасы мен некенің әлеуметтік рөлін дұрыс түсіндіру, азаматтық құқықтың, сананың болуы маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта қоғамда бұрын белгіленген және қоғамдық санада бекітілген отбасындағы нормалар мен мінез-құлық үлгілерін реттеуші әрекеттердің айтарлықтай әлсірегендігі байқалады. Бұл қазіргі жағдайда дәстүрлі отбасыларда маңызды рөл атқарған кейбір қажетті қызметтердің жоғалғандығымен байланысты. Бұрын күйеу-жұбайы және әйел-жұбайына тән функционалды рөлдер айтарлықтай өзгерді. Неке мен отбасы жекелеген адамдар түсінігінде интимді және формалды емес қатынастар қажеттілігін қанағаттандырудың негізгі құралы ретінде көрінеді /7/.

Некелік-отбасылық қатынастардың тұрақтылығы неке отбасылық өмірге эмоциялық жағымды қатынасты анықтайтын тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бағыттарының жүйесі ретінде түсінілуіне және жасөспірімдердің отбасылық өмірге дайындығына байланысты.

Жасөспірімдерді ерте кезден-ақ үй шаруашылығына тартып, отбасылық міндеттерді орындауға үйрету керек. Балаларды бос уақытты отбасымен өткізуге, демалыс күндерді ата-аналармен өткізуге үйрету қажет. Ұл бала мен қыз бала міндеттерін ажыратып бөлуге болады. Бірақ, отбасылық өмірдің психологиялық жағына баса мән берген жөн.

Балада балалық шақтан қарама-қарсы жынысқа құрмет көрсетуді үйрету керек. Бозбалаға өзінен жүкті болып қалған әйелді тастап кету аморальды екендігін түсіндіру керек. Бойжеткенге жалаңаштанбай киінуді, боянып, сыланбауды, жеңілтек жүріс жүрмеуді үнемі ескертіп, өзін әдепті ұстауын айтып отыру керек. Балаларды тәрбиелей отырып, оларда мынадай қасиеттерді қалыптастыру қажет: шыдамдылық, кішіпейілдік, әдептілік, адамгершілік, инабаттылық, батылдық, жігерлік, ұстамдылық т.б. Баланы адамдармен қарым-қатынас жасай алатындай, олармен тіл табыса алатындай етіп тәрбиелеген жөн. Осылайша тәрбиеленген бала отбасылық қиындықтарды оңай жеңе алады. Отбасында бақытты өмір сүру – өте сирек қасиет. Алайда оны балалардың бойында тәрбиелеуге болады және тәрбиелеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қоңырбаева С.С. Қазіргі кезеңдегі отбасының қызметі мен ерекшеліктері // Тәрбие отбасынан басталады. – 2008. – №4. – Б. 2–3.

2 Ақпарова Ж. Жанұяның методологиялық негіздері. Ұлт тағылымы, 2002. – 9–10.

3 Жұмадуллаева А. Неке бақыты тәрбиеден басталады // Қазақстан мектебі. – 2005. – №7. – 60 б.

4 Бекенова Г. Отбасы және отбасылық өмір // Қазақстан мектебі. – 2005. – 9–10 б.

5 Андреева Т.В. Семейная психология: учеб. пособие. – СПб.: «Речь», 2004.

6 Сысенко В.А. Устойчивость брака. – М., 1981.

7 Дружинин В.Н. Психология семьи. – Екатеринбург: Деловая книга, 2000. – 3-е изд.